

Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының жүргізілу деңгейі

Анықтама

Мерзімі: 2023-2024 оқу жылы
жыл бойы, қыркүйек- мамыр

Секция жұмысының мақсаты: Жекеленген оқушының сан қырлы дамуын, оның рухани қажеттілігінің арта түсуін қамтамасыз ету. Ойын арқылы спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

-Өзінің денесін жетілдіру үшін, жеке қызығушылықты қанағаттандыру үшін дене жаттығуларымен жүйелі айналысуға оқушылардың көпшілігін мүмкіндігінше тарту;

-Оқушылардың бос уақытын пайдалы ұйымдастыруға, денсаулықты нығайтуға, дене дайындығын арттыруға және осы негізде Президенттік сынамалар нормаларын орындауға жәрдемдесу;

-Әлеуметтік белсенділікті тәрбиелеу, нұсқаушылық-әдістемелік және төрешілік білімдер мен дағдыларды жетілдіру үшін оқушылардың дене тәрбиесі жүйесінің әр түрлі буындарында, көпшілік дене шынықтыру жұмыстарын өткізуге қызығушылықты қалыптастыруға көмектесу.

Секция және үйірме жетекшілерінің іс-құжаттар тізбесі:

1 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат

3. Секция мұғалімдері туралы мәлімет

4. Оқушылар туралы мәлімет (сынып бойынша)

5.Секцияда пайдаланылатын спорттық көрнекіліктермен спорттық құрал - жабдықтар тізбесі.

6.Сабақтан тыс жүргізілетін спорттық үйірмелердің құжаттары.

7. Секция жұмысының бағдарламасы, секция кестесі.

2022-2023 оқу жылында секция түрі, 1 сағат бойынша жұмыстар жүргізіліп, секция кестесі бекітілді.

Секциялардың саны - 8, тоғызқұмалақ, асық ату, дойбы, футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат

Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінде спорттық секциялар атауы мен қамтылған оқушы саны

№	Спорттық секциялар атауы	Секция сағаты	Өтетін уақыты	Сынып/ қамтылған оқушы саны	Жетекшінің аты-жөні
1.	тоғызқұмалақ	1	сәрсенбі сағ:15.00-16.00	8 «А» -7	Алиева Г.А

				8 «Ә» -7 8 «Б» - 7 8 «В» -7 8 «Г» -7 8 «Ғ» -7 9 «Б» -2	
2.	дойбы	1	жұма сағ: 15.00-16.00	8 «А» -7 8 «Ә» -7 8 «Б» - 7 8 «В» - 8 8 «Г» -7 8 «Ғ» - 8	Алиева Г.А.
3.	баскетбол	1	бейсенбі сағ: 19.00-20.00	10 «Б» - 14 11 «А» -25 9 «Г» -2 9 «В» -3	Алиева Г.А
4.	волейбол	3	сейсенбі сағ: 20.00-21.00 бейсенбі сағ: 20.00-20.00 сенбі сағ: 14.00 – 15.00	7 «А» -20 7 «Б» - 20 7 «В» - 20 7 «Ә» - 20 7 «Г» - 20 7 «Д» - 20 7 «Ғ» - 14	Даумбаев Р.Ж
5.	футбол	1	сенбі сағ:11.00-12.00	6 «Б» - 8 6 «Г» - 4 6 «Ә» - 22 6 «В» - 5 5 «Ғ» - 5 5 «Г» -1	Оразалин С.Н
6.	шахмат	1	бейсенбі сағ:11.00-12.00	5 «Ә»-16 6 «А» -21 6 «Б» - 8	Оразалин С.Н.
7.	асық ату	1	сейсенбі сағ:11.00-12.00	6 «Г» - 15 6 «Ғ» - 15 6 «В» - 14	Оразалин С.Н.
8.	баскетбол	1	сәрсенбі сағ: 20.00-21.00	7 «Ә» -20 7 «Ә»- 23 7 «Г» - 2	Кәрібай Е.С.
9.	үстел теннисі	1	сәрсенбі сағ: 16.00-17.00	7 «А» - 21 7 «В» - 24	Кәрібай Е.С.
10.	асық ату	1	Сейсенбі сағ: 16.00-17.00	5 «А» -6 5 «Ә» -5 5 «Б» - 7 5 «В» - 8	Кәрібай Е.С.

				5 «Г» - 9	
				5 «F» - 9	
		12		534	

Жан-жақты дамыған, ізгілікті тұрғыдан таза және рухани бай адам қалыптастыру мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Оқушы жастардың дене бітімі жағдайына, дене даярлығына республикамыздың саяси, экономикалық және идеологиялық болашағы тәуелді болып келеді. Сондықтан да, жастардың дене бітімінің дамуы, дене даярлығы және салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды мәселелері мемлекетіміздің Президенті Үкіметіміз бен қоғам өкілдерінің тұрақты қамқорлығы аясынан табылады.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша соңғы жылдары аса маңызды құжаттар қабылданған: «Білім туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстанның Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасында Дене шынықтыру және спортты дамытудың Тұжырымдамасы мен бағдарламасы және басқа да құжаттарда дене бітімінің дамуы, дене дайындығы және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері мемлекеттік маңыздылыққа ие мәселелер екені атап көрсетілген.

Секция жұмысында мектеп бағдарламасына байланысты баскетбол, волейбол, үстел теннисі ережелері мен әдіс-тәсілдері үйретіледі. Жаттығу кезінде оқушылар өзара бір-бірімен қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, әр оқушы өзіне көрсетілген әдіс-тәсілдерді толығымен меңгере отырып әрі қарай жетілдіре түседі. Секция жұмысы әр оқушының салауатты өмір салтын ұстануына, баскетбол, волейбол, үстел теннисі ойындарының қимыл-қозғалыс негіздерін игеру арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру, өз денсаулықтарына дұрыс қараудың қажеттілігін қалыптастыру, физикалық және психикалық қасиеттерінің толық дамуын, дене бітімін қалыптасуын дамытуға әсерін тигізеді. Оқушылардың денсаулықтарын нығайту, дене бітімдерін жақсарту, жалпақтабандылықтың алдын алу, дененің қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамытады. Жеке гигиена, күн тәртібі, дене жаттығуларының ағзаға тигізетін әсері, жұмыс істеу қабілеті мен қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту секілді қарапайым білім деңгейін қалыптастырады.

Күтілетін нәтиже:

1. Секция жұмысында әдіс-тәсілдерін жаттығуларды орындау барысында үйренеді.
2. Оқушының жарыс кезінде жеңіске жетуі және жүлделі орындардан көріне білуі.
3. Ең үздік шебер оқушыларды дайындау, қалалық, облыстық жарыстарда үнемі жақсы нәтижелер көрсетуі.

Шешім: Мектептегі спорттық секциялар жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып, сабақтардың өту барысы қатаң қадағалауға алынсын.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



А.С.Тортаева